

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ**

Жоба

**Қосымша білім беру ұйымдарының оқытушыларына арналған
«Балалар музыка мектебінде музыкалық-теориялық пәндерді оқытудың
тиімді әдістері» атты біліктілікті арттыру курсының
БАҒДАРЛАМАСЫ
(72 сағат)**

Құрастырған:
Өнертану кандидаты,
аға оқытушы А.Т.Ергалиева.

Орал, 2026 ж.

«Балалар музыка мектебінде музыкалық-теориялық пәндерді оқытудың тиімді әдістері» атты біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы қосымша білім беру ұйымдарының оқытушыларына арналған

Курсты құрастырған:

Өнертану кандидаты, аға оқытушы А.Т.Ергалиева.

Курс көлемі – 72 академиялық сағат

Өтетін орны: қашықтан

Сарапшылар:

1. Сертеков Н.У., - ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Орал музыка колледжінің директоры.

2. Бабенко О.А., - педагогика ғылымдарының кандидаты. М.Өтемісов атындағы БҚУ музыкалық орындаушылық өнер мамандарын дайындау БББ жетекшісі.

Курс бағдарламасы мәдениет және өнер факультетінің академиялық кеңесінің отырысында қарастырылып, ұсынылды « », « » 2026 ж., № хаттама

**Қосымша білім беру ұйымдарының оқытушыларына арналған
«Балалар музыка мектебінде музыкалық-теориялық пәндерді оқытудың
тиімді әдістері» атты біліктілікті арттыру курсының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

1 Жалпы ережелер

Қазақстанда музыка өнері бойынша теоретик-мамандардың тұтас бір шоғыры қалыптасқаны белгілі. Теориялық пәндердің негізін қалаған И.Дубовский, Н.Тифтикиди, П.Аравин, Л.Быкова, М.Сабитова, В.Мавриди т.б. болса, олардың ізін жалғастырған елімізге белгілі музыкатанушы ғалымдар Басыр Жүсіпалиев, Сара Күзембай, Болат Қарақұлов, Ілияс Қожабеков, Үмітжан Жұмакова, Сәуле Өтеғалиева музыкалық-теориялық пәндерді білім беру ұйымдарында меңгеруге қатысты көптеген еңбектер жазғаны белгілі. Бірақ көп жылдар бұл пәндер орыс тілінде оқытылғаны белгілі. Ал, қазіргі кезде қазақ тілінде жалпы білім беретін мектептердің саны орыс тілді мектептерден артық екенін ескерсек, музыкалық-теориялық пәндерді қазақ тілінде оқыту қажеттілігі аса өзекті болып отыр.

Қазіргі кезде еліміздің барлық өңірлеріндегідей, Батыс Қазақстан облысында дақаламен қатар, ауылдарда балалар музыка мектептері көптеп ашылып, ондағы маман-кадрлардың біліктіліктеріне қойылатын талаптар да күннен күнге арта түсуде. Орта және жоғары білім беру ұйымдарында пианист-концертмейстерлер, теориялық пәндер оқытушыларының жетіспеуі секілді жағдай, өкінішке қарай, барлық бастауыш музыкалық білім беру мекемелеріне тән. Осы тұрғыда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ПОҚ тарапынан «сольфеджио» пәнінен сабақ беру мүмкіндігіне ие болу үшін әртүрлі аспапты шебер меңгерген түлектерге біліктілікті арттыру курсы ұйымдастыру көзделуде. Курсты Қазақстанға белгілі музыкатанушы-ғалымдар мен өнертану кандидаттары өткізеді.

Бағдарлама тақырыптарында балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінде музыкалық аспап мамандарына сольфеджио пәнінен сабақ беру мүмкіндіктері қарастырылады.

2.Глоссарий

Аккорд – әртүрлі биіктіктегі үш дыбыстан құрылатын музыкалық үндестік;
Акцент – музыкалық шығармада нақтылы дыбыстарды салмақпен, қаттырақ көрсетіп орындау;
Гамма – алғашқы және соңғы дыбыстары қайталанатын 1 октавалық қашықтықтағы дыбыстық жүйе;
Кварта – төрт дыбыс арасындағы қашықтық;
Квинта – бес дыбыс арасындағы қашықтық;
Құрамдас интервалдар – бір октавадан жоғары интервалдар;
Прима – дыбыс биіктігінің қайталануы;
Саты (ступень) – дыбыс реттілігі

Секунда – екі дыбыс арасындағы қашықтық;
Секста – алты дыбыс арасындағы қашықтық;
Септима – жеті дыбыс арасындағы қашықтық;
Сольфеджио – музыкалық сауаттылықты меңгеруге арналған пән. Арнайы жаттығулар арқылы есту және есте сақтау қабілеттерін дамытуға арналған дағдылар меңгеріледі;
Интервал – биіктігі екі дыбыс арасындағы қашықтық;
Терция – үш дыбыс арасындағы қашықтық;
Тембр -дыбыстың үн-бояуы;
Такт – әлді үлестен басталатын музыкадағы өлшем бірлігі;
Тональділік – ладтық жүйе;
Maggiore – мажорлық лад;
Реприза – қайталау белгісі;
Нота – музыкалық дыбыстардың жазба түрі;
Лад – негізгі тоникалық дыбыс арқылы ұйымдастырылған музыкалық дыбыстар жүйесі. Ладтың негізгі дыбыстары арқылы шығарманың әуендік және гармониялық негізі анықталады;
Allegretto – орташа екпін;
Animato – екпінді бірте-бірте үдету;
Allegro – жылдам, тез орындалатын екпін
Agitato – толқып, жылдам ойнау;
Arco – ысқышпен орындау;
Con brio – жылдам, шаттана;
Cantabile – әндете, лирикалық жай екпін;
Vivace – өте жылдам екпін
Bemol – бемоль, дыбысты жарты тон төмендету белгісі;
Da capo – басынан бастап;
Da capo a fondo – басынан бастап аяғына дейін ойнау;
Comodo – ыңғайлы, жеңіл ойнау;
Fuoco – жігерлі, шаттана;
Doppio – екі есе;
Devise – канон, дауыстарға бөліп орындау;
Dolo – қайғылы;
E – ми нотасы;
Jete – ысқышпен шекке лақтырып ойнау;
Lento – жай екпін;
Libitum – қалауы бойынша еркін орындау;
Gala concert – салтанатты концерт;
Grave – салмақты, жай екпін;
Magister artium- өнер магистрі;
Magister – шебер;
Marcato – әр дыбысты салмақпен орындау;
Mélange – попури;
Melodia – әуен;

Minore – минорлық лад;
Moderato – орташа екпін;
Musika – музыка;
Naturele –табиғи, қалыпты;
Chord – нонаккорд;
Note – нота;
Oberton – обертон;
Opera – опера, музыка тілімен орындалатын драмалық спектакль;
Opus – шығарма;
Organ – орган, қол және аяқтың көмегімен орындалатын көпдауысты, тембрлік тұрғыда бай музыкалық аспап;
Ossia – немесе, яғни, әдетте негізгі музыкалық тексттің жеңілдетілген түрі;
Pedal – фортепиано аспабының құрылымдық мүшесі;
Piano – жай, ақырын орындалатын динамикалық белгі;
Piu – көбірек
Presto –тез, жылдам екпін;
Risoluto – ерікті, жігерлі орындау;
Rubato – еркін орындау;
Sonore – дыбысты күшейту;
Sordina – дыбыс күшін тежеп ойнау тәсілі;

3. Бағдарлама тақырыбы

«Балалар музыка мектебінде музыкалық-теориялық пәндерді оқытудың тиімді әдістері» бағдарламасы Батыс Қазақстан облысында балалар музыка мектептерінің саны мен сапасының дамуына арналады.

Бағдарламаның жаңалығы ретінде тұңғыш рет музыкалық-теориялық пәндерді оқытуда қазақ халқының алтын қазынасына айналған дәстүрлі және академиялық музыканың классикалық үлгілері, жазба және қазіргі заманғы сандық ресурстар арқылы оқушылардың есту қабілеттері терең дамытылады. Сондай-ақ, музыкалық тыңдау ретінде аймақ композиторларының шығармалары ұсынылады.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты: музыка теориясының қарапайым түрлері негізінде, балалар музыка мектебі оқушыларының музыкалық есту қабілеттері мен ноталық сауаттылықты дамыту.

Міндеттері:

- балалардың есту қабілеттерін музыкадағы ноталар негізінде ашып, дамыту;
- музыкалық әуендерді жазу арқылы есту қабілеттерін дамыту;
- музыкалық материалды жаттап, қайталау арқылы есте сақтау дағдыларын игеру;
- музыкалық тілдің негізгі элементтері жөнінде түсінік қалыптастыру;
- музыкалық ойлау тәжірибесімен танысу.

Курсты игеру барысында тыңдаушылар бірлескен топтық жұмыстар арқылы төмендегідей нәтижелерге қол жеткізеді:

Меңгеруі керек:

- аспапта бір ойнағаннан кейін 4 қозғау белгіге дейінгі гамма дыбыстарының биіктіктерін, трезвучие сатыларын, тұрақты және тұрақсыз дыбыстарды ажырата алу;

- қарапайым интервалдарды, аспапты меңгерудің негізгі әдіс-тәсілдерін;

- әртүрлі қарапайым ырғақтарға арналған жаттығуларды аспапта немесе әуенде қайталау;

Білу керек:

- период көлемінде 4 кілттік қозғау белгіге дейін диктант жазу;

- қарапайым және күрделі интервалдар түрлерін естіп, ажырату.

5. Бағдарламаның құрылымы және мазмұны

Курс бағдарламасы 3 модульден тұрады:

Бірінші модуль «Сольфеджио пәнінің мазмұны, мақсаты мен міндеттері» деп аталып, онда балалар музыка мектептерінде сольфеджио пәні арқылы оқушылардың есту және есте сақтау қабілеттерін дамытудың қажеттілігі мазмұндалады;

«Оқушылардың есту, айту, оқу және жазу қабілеттерін дамыту» деп аталатын екінші модульде ноталық сауаттылықты ашу үшін белгілі ұстаз-ғалымдардың озық тәжірибелері мазмұндалады.

Үшінші модульде оқушыларға өлшем және ырғақ туралы түсінік беріліп, парақтан оқу, диктант жазу дағдыларын меңгеруге арналған жаттығулар мен мысалдар ұсынылады.

Білім беру процесі оқытудың топтық және жеке түрлерін қамтиды.

Аудитория тыңдаушыларының ерекшеліктерін ескере отырып, тыңдаушыларға жаттығу кезінде логикалық қорытынды жасауға, мазмұнды өз тәжірибесіне бейімдеуге және аудиториялық практикалық сабақтар мен аудиториядан тыс өзіндік жұмыс жағдайында алған дағдыларын тексеруге мүмкіндік беріледі.

Оқу процесі топтық сабақтар мен тыңдаушылардың өзіндік практикалық жұмыстарынан және орындалған тапсырмалардан тұрады. Бағдарламаның біліктілікті арттырудың құзыреттілік моделіне бағдарлануы белсенділікке негізделген көзқарасты болжайды, оған заманауи білім беру технологиялары мен оқытудың интерактивті формаларын қолдану арқылы қол жеткізіледі: шағын топтармен жұмыс, кері байланыс, күрделі мәселелерді талқылау.

Курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақ тақырыптары	Дәріс	Практикалық сабақ	Барлығы	Дәріс беруші
---	-------------------	-------	-------------------	---------	--------------

1-модуль. Сольфеджио пәнінің мазмұны, мақсаты мен міндеттері					
1	Балалар музыка мектебінде сольфеджио пәнінің рөлі	4	4	8	
2	Сольфеджио пәніне арналған оқу құралдары. Қазақ тілінде жарық көрген оқу-әдістемелік еңбектер.				
3	Қазақстандық музыкатанушы ғалымдардың музыкалық-теориялық еңбектері.				
2 -модуль. Оқушылардың есту, айту, оқу және жазу қабілеттерін дамыту					
1	Музыкалық тіл туралы түсінік. Музыкалық тілдің элементтері.	4	4	8	
2	Дыбыс биіктіктерін есту және жазу дағдыларын меңгеру.	4	4	8	
3	Музыкалық шығармаларда кездесетін қарапайым және күрделі интервалдарды әуендетіп, жазуға арналған жаттығулар.	4	4	8	
4	Әуеннің биіктік және ұзақтық белгілері. Жоғары және төмен бағыттағы әуен желісін естуге арналған мысалдар.	4	4	8	
5	Музыкадағы тон және обертон туралы түсінік.	4	4	8	
3-модуль. Өлшем және ырғақ түрлері					
1	Дәстүрлі музыкаға тән ырғақ түрлері. А.Байгаскинаның «Ритмика казахской традиционной песни» еңбегіндегі «бунақ» туралы түсінік.	4	4	8	
2	Музыкалық есту арқылы ладтық бояуды тану. Ладтық ауыспаушылық.	4	4	8	
3	Парақтан оқу, диктант жазу дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар мен мысалдар.	4	4	8	
Барлығы		36	36	72	
Курстың көлемі		72			

6. Оқу үрдісін ұйымдастыру.

Бағдарлама оффлайн форматта жүзеге асады. Оқу материалдары музыкалық сауаттылықты ашуға арналған жаттығуларды, ән тыңдау, музыкалық шығармаларды талдау, әуен ырғағына сәйкес қозғалу секілді жаттығуларды қамтиды. Сонымен қатар, балалардың шығармашылық бастауларының көзін ашу, музыканы қабылдаудың түрлерін іздестіруге бағытталады.

Оқу процесі 72 сағатқа, оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған. Оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында топтық түрде диктант жазу (есту қабілетін тексеруге арналған), өзіндік жұмыстар, жеке сабақтар, сольфеджио пәнін ұйымдастыру үлгілерін көрсету жүргізіледі.

Тыңдаушылардың практикалық жұмысына арналған тапсырмалар: оқу материалдары мен қосымша материалдар ретінде қазіргі кезде оқу үрдісінде қолданылатын музыкалық-теориялық пәндер бойынша жарық көрген оқу құралдары мен оқулықтар көрсетіліп, көрнекті ғалым-ұстаздардың еңбектерін сабақта пайдалану ұсынылады.

7. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Білім беру процесі оқытудың топтық және жеке түрлерін қамтиды.

Аудитория тыңдаушыларының ерекшеліктерін ескере отырып, тыңдаушыларға жаттығу кезінде логикалық қорытынды жасауға, мазмұнды өз тәжірибесіне бейімдеуге және аудиториялық практикалық сабақтар мен аудиториядан тыс өзіндік жұмыс жағдайында алған дағдыларын тексеруге мүмкіндік беріледі.

Оқу процесі топтық сабақтар мен тыңдаушылардың өзіндік практикалық жұмыстарынан және орындалған тапсырмалардан тұрады. Бағдарламаның біліктілікті арттырудың құзыреттілік моделіне бағдарлануы белсенділікке негізделген көзқарасты болжайды, оған заманауи білім беру технологиялары мен оқытудың интерактивті формаларын қолдану арқылы қол жеткізіледі: шағын топтардағы жұмыс, кері байланыс, күрделі мәселелерді талқылау.

Оқыту нәтижелерін бағалау

Бағдарлама бойынша жоспарланған барлық тақырыптарды меңгеру деңгейі есте сақтау, музыкалық материалдың мазмұнын білу, ән әуендерінің музыкалық тілін талдау, күйлердің композициялық құрылымын білу, қысқа сарындардың даму желісін анықтау секілді кәсіби дағдыларды меңгеру арқылы бағаланады.

Посткурстық нәтижелер

Білуі керек:

- тон және жартытон қашықтығындағы дыбыс биіктіктерін естіп, ажырата алу. Берілген әуеннің ладтық сипатын, даму желісін, ырғақтық ерекшелігін;
- дыбыстардың интервалдық құрамына сәйкес әртүрлі биіктіктегі дыбыстарды ажырату.

- музыкалық материалдың өлшем-ырғақтық ерекшеліктерін;
- естуді дамыту арқылы ладтық бояуды ажырату;
- музыкалық құрылым ережелерін сақтау тәртібін;
- мысалдарды парақтан оқу.

Меңгеруі керек:

- дыбыстардың интервалдық және аккордтық құрылымдарын естіп, ажырату;
- мысалдардың тональдік жоспарын;
- бір немесе екі дауыстан тұратын жаттығуларды айтып, аспапта орындау;

Қолдана алады:

- Оқушылардың қабілеттеріне сәйкес оқу жоспарын құрастыра алады;
- Тартымды әрі танымды тақырыптарды құрастырып, пайдалану;
- Сольфеджио пәнінде ойын түріндегі жеңіл сабақтарды орындау.

Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазтуғанова А. Музыка теориясы пәндері бойынша қазіргі кезеңдегі мәселелер және оны оқытудағы тиімді әдістер. //Өнер мен музыкалық педагогиканың өзекті мәселелері: дәстүрлер, инновациялар. Атырау: АтГУ баспаханасы, 2017. -240 б., Б.21-27.
- 2 Драгомиров П. Сольфеджио. Одноголосие часть первая – Санкт-Петербург: Планета музыки, 2021. – 64 с.
- 3 Варламова А. Сольфеджио. Пятилетний курс обучения. Москва: Музыка:Музыка, 2022. – 135 с.
- 4 Альпеисова Г., Ибрагим Д., Куралова Ж. Музыкалық шығармаларды талдау: қысқаша теориялық курс. Оқу құралы. Астана: Фолиант, 2025. – 128 б.
- 5 Жусубалиев Б. Сольфеджио. - Алма-Ата: Жазушы,1975. – 120 с.
- 6 7 С.Кузембаева. Сольфеджио. Алма-Ата: Жазушы,1979. – 84 с.
- 7 Дүйсен О. Домбыраға арналған жаттығулар, этюдтер, халық әуендері, күйлер және партитуралар жинағы. – Нұр-Сұлтан, 2018. -101 б.
- 8 Анисимов В.И. Диагностика музыкальных способностей детей. М.Владос. 2004.
- 9 2Ломов С.И. Педагогика искусства сегодня и завтра. //Көркем білім беру жүйесіндегі білім алушылардың этномәдени шығармашылық саласын қалыптастыру мәселесіне арналған ІІ-ші Боранбаев Оқулары. – Астана, Қаз.ҰӨУ. 2013/ -470, Б.7-10.
- 10 Сарысу өңірінің музыкалық мұрасы. Алматы, 2018. СД жинағы.

- 11 Сүлейменов Ә. Әкем-әнім. Орал: Полиграфсервис, 2024. – 124 б.
- 12 Нұрымбетов Е.Ш., Мәулетова С.А., Сертеков Н.О. Ақжайық өңірінің музыкалық фольклоры III томдық. I том. (Қаратөбе Сырым аудандары) - Алматы: Исламнур, 2005. – 184 б.
- 13 Дүйсембінова Р.Қ. Музыкалық білім беру педагогикасы. Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы ЖМУ. 2006. -216 б.
- 14 Қажымов Д. Сағыныш саздары. Өндердің ноталары мен мәтіндері. – Алматы: Өлке, 2002. – 112 б.